

**№17"Айгүл"бөбекжай - балабақшасында 2021 - 2022 оқу жылында
сөйлеу тілінде бұзылысы бар тәрбиеленуші балалар туралы мәлімет**

2021 жылы Жол картасына сәйкес Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №17 «Айгүл» бөбекжай - балабақшасында логопед кабинеті ашылды. Логопед кабинетін жабдықтау, жихазбен жарақтандыру нормаларына сәйкес жүргізілді.

2021 жылы оқу жылының басында, ПМПК мамандарының тексеруінен 11 бала өткізілді. ПМПК қорытындысы нәтижесінде балабақшамыздың -5 бүлдіршініне сөйлеу тілінің жалпы дамымауы І, ІІ, ІІІ деңгейі, ПДТ диагноздары қойылды. Ата-аналар өтініші мен келісімі негізінде 11 баламен сабақ кестеге сәйкес жеке және шағын топтарға түзете-дамыту жұмыстары жүргізілді. Қыркүйек айында 5 бала қорытындымен анықталса жыл соңында 6 баламен толықты.

Логопед жұмыстарында сөйлеу тілі бұзылысын, ұсақ-қол моторикасын, логикалық ойлау қабілетін, сөздік қорын, байланыстырып сөйлеуін, тексеруге арналған құрал-жабдықтар: айналар, тақта, құрал-жабдықтар, көрнекіліктер пайдаланылады және оларды тілге жасалатын артикуляциялық жаттығулармен таныстырып, жасалу жолдары айтылды. Мозайкамен жұмыстар, суреттер бояу, бау өткізу, және күнделікті тыныс алу жаттығулары жасалынады. Жас ерекшелігіне байланысты ұсақ моториканы дамытуға байланысты жаттығулар мен түрлі ойындар пайдалана отырып баланың сөздік қорын молайтуға септігін тигізу үшін кеспе қағаздары, суретпен жұмыс, сергіту сәттерін, Гоу талк, Дельфаны аппаратын пайдаланамын. Жоғарыда айтылып кеткен жаттығулардың барлығы да күнделікті ұйымдастырылған іс әрекет барысында жасалып отырылады. Қорытындымен келген балалар жалпы сөйлеу тілінің дамымауы бар балалар 5-бала. Оның ішінде 4 баланың дыбыстары бекітіліп, сөйлеу тазалығы мен сөзде, сөйлемде, ауызекі сөйлеуде дыбыстардың бекітілуіне байланысты логопедтік есептен шығарылды. Логопедтік есепте қалған балалар келесі оқу жылында түзету жұмыстарын жалғастырады. Наурыз мерекесіне орай ұйымдастырылған «Ұлттық ойындар-халық мұрасы» атты жарысында Қамбарбек Нұрым, «Шынықсаң шымыр боласың» атты эстафеталық жарысында Алмат Әбілмансұр, «Елімнің ертеңгі иесі біз» атты патриоттық әндер байқауында Жанболатұлы Әбілмансұр ерекше талантымен көзге түсіп алғыс хаттармен марапатталды.

2022 жылы ақпан айының 14 мен 19 аралығында «Инклюзивті білім-келешек кепілі» атты 5 күнге жоспарланған апталық болып өтті. Апталықта балалармен коррекциялық жұмыс бағыты, ата-анамен жұмыс бағыты, тәрбиешілермен жұмыс бағыты жүргізілді.

**№17 "Айгүл" бөбекжай - балабақшасында 2022 - 2023 оқу жылында
сөйлеу тілінде бұзылысы бар тәрбиеленуші балалар туралы
мәлімет**

2022ж оқу жылының басында, ПМПК мамандарының тексеруінен 10 бала өткізілді. ПМПК қорытындысы нәтижесінде балабақшамыздың 9 бүлдіршініне сөйлеу тілінің жалпы дамымауы І,ІІ,ІІІ деңгейі,ПДТ диагноздары қойылды. Қыркүйек айында 9 бала қорытындымен анықталса, жыл соңында 10 баламен толықты. Логопед жұмыстарында сөйлеу тілі бұзылысын, ұсақ-қол моторикасын, логикалық ойлау қабілетін, сөздік қорын, байланыстырып сөйлеуін, тексеруге арналған құрал-жабдықтар:айналар,тақта,құрал-жабдықтар, көрнекіліктер пайдаланылады және оларды тілге жасалатын артикуляциялық жаттығулармен таныстырып, жасалу жолдары айтылды. Мозайкамен жұмыстар, суреттер бояу, бау өткізу, және күнделікті тыныс алу жаттығулары жасалынады. Жас ерекшелігіне байланысты ұсақ моториканы дамытуға байланысты жаттығулар мен түрлі ойындар пайдалана отырып баланың сөздік қорын молайтуға септігін тигізу үшін кеспе қағаздары,суретпен жұмыс,сергіту сәттерін,Гоу талк құрылғысы,логопедиялық Дельфа аппаратын пайдаланамын. Жоғарыда айтылып кеткен жаттығулардың барлығы да күнделікті ұйымдастырылған іс әрекет барысында жасалып отырылады.Тексерудің қортындысы бойынша түзету жұмыстары біршама алға жылжыған балалар болды.Оның ішінде -7 балада Қамбарбек Нұрым,Қазыбек Асылай,Алмат Әбілмансұр,Қожабай Нұрислам,Әмірхан Айтолқын,Жанболатұлы Әбілмансұр,Айтбай Мұстафа - тілінің бұзылысы біршама жойылып,сабақ үлгерімі жақсарып,өз ойын айту ,қоршаған орта туралы түсінігі,әріптерді тануы,түстерді білуі мен сандарды атап айтуы қалыптасты.Бұл балаларда сөздік қоры молайып ,танымдық қабілеттері артты. Ал Бақыт Нұржамал мен Нұрдаулетұлы Амирдің жағдайы оқу жылының басына қарағанда едәуір жақсарды. Бірақ әлі де түзете-дамыту жұмыстары, зейін, есте сақтау қабілеттеріне түзете-дамыту жұмыстары әліде керек. Дегенмен, әлі де зейін қабілеті тұрақсыз, есте сақтау қабілеті орта деңгейде. Бірақ бұл балалар қарапайым нұсқауларды түсініп, логопед берген тапсырманы орындауға тырысады.

Қамбарбек Нұрым мен Қазыбек Асылай Білімқұмар балаларға арналған Республикалық «Үркер» зияткерлік марафонына қашықтықтан қатысып, жеңімпазы атанып дипломмен марапатталды.

Логопедтің көмегін қажет ететін балалардың көрсеткіші оқу жылының басына қарағанда жақсарды. Балалармен әлі де жұмыстар жалғасады.

Қорытындымен келген балалар жалпы сөйлеу тілінің дамымауы бар балалар 10-бала, мектепке кетуіне байланысты логопедтік пункттен шығарылған балалардың саны -5 бала жақсы деңгейде аяқтады. Логопедтік есепте қалған балалар келесі оқу жылында түзету жұмыстарын жалғастырады.